


«Келісілді»
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Мектепке дейінгі және орта білім
комитетінің төрағасы

M. Мелдебекова
11 01 2021 ж.

«Бекітемін»
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
«Ұлттық тестілеу орталығы»
РМКК директоры

Д. Смагулов
11 01 2021 ж.

Құқық негіздері пәні бойынша мектеп бітірушілерді
қорытынды аттестаттауға арналған тест спецификациясы
(2021 жылдан бастап қолдану үшін)

Тест спецификациясы келесі құжаттардың негізінде әзірленген:

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БФМ 2018 жылғы 31 қазандығы №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР БФМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БФМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары;

– ҚР БФМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығы мен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары.

Тестті әзірлеу мақсаты: Құқық негіздері пәні бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын менгеру дәрежесін анықтау.

Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде - 5, екінші деңгейде – 6, ушінші деңгейде – 7 тапсырма.

Тестке жалпы білім беретін мектептерге арналған құқық негіздері пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Тарау	№	Тақырып	№	Оқу мақсаттары
01	Мемлекет және құқық	01	Мемлекет және құқық туралы негізгі ұғымдар Заң шығару, құқықтық мәдениет, мемлекет қоғамның саяси жүйесінде	01	<ul style="list-style-type: none"> - құқық белгілерін қорытындылай отырып, ұғымын түсіндіру; - құқықтың функционалдық маңызын нақты мысалдар арқылы ашу - құқық жүйесі және оның негізгі элементтерін түсіндіру (құқық нормалары, сала, ішкі сала, құқықтық институт); - мемлекетті құқық және құқықтық қатынастың негізгі субъектісі ретінде анықтау - қазақстандық қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементін анықтау

			02	- нормативтік құқықтық актілердің негізгі элементтерін анықтау; - нормативтік құқықтық актілердің өзірленуі, қабылдануы мен күшіне ену процесін зерттеу - заңдылық және құқықтық тәртіп үғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру; - заңдарды білу және оларды орындаудың әлеуметтік пайдалылығы мен қажеттілігін түсіндіру
	02	Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуы	03	- құқықтық мемлекеттің принципте рін айқындау; 10.1.2.2 - әлемдік тәжірибедегі құқықтық мемлекеттің мәні мен функционалдық маңызы туралы білімін көрсету - Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық актілері (Қазақстан Республикасының құқықтық саясат концепциясы, Қазақстан Республикасының адам құқығы саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары концепциясы және тағы басқалар) негізінде құқықтық мемлекеттің принциптерінің жүзеге асырылуын түсіндіру
	03	Адам құқықтары түсінігі Қазақстан Республикасында адам құқығын қорғау	04	- конституциялық принциптер негізінде азаматтық қоғамның элементтері мен институттарын ажырату; - азаматтық қоғамның мәні мен функционалдық маңызы туралы білімін көрсету - Қазақстан Республикасы азаматтық қоғамының негізгі функционалдық қажеттілігін түсіндіру; - Қазақстан Республикасының азаматтық қоғам институттары қызметінің тиімділігін бағалау (Үкіметтік емес ұйымдар және тағы басқалар)
	05		05	- тұлғаның құқықтық мүмкіндіктері түсінігін көрсете отырып, адамның құқығы мен бостандығы үғымдарын түсіндіру; - адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жіктеу (саяси, азаматтық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени); - адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттардың маңыздылығын бағалау (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Экономикалық, әлеуметтік және және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт) - нақты мысал келтіре отырып, Қазақстан Республикасының адам және азаматтың құқығы мен бостандықтарын қорғау механизмін түсіндіру; - азаматтардың құқығын қорғайтын (адвокат, медиатор және тағы басқа) тұлғалардың

				функциялары мен құқықтық мәртебесін анықтау - Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау механизмдерін нақты жағдаяттар мысалында түсіндіру - Қазақстан Республикасындағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын жүзеге асыру және қорғау механизмдерін нақты жағдаяттар мысалында түсіндіру
	04	Сот төрелігінің принциптері Сот жүйесі. Құқық қорғау органдары	06	- сот төрелігінің принциптерін нақты мысалдар келтіре отырып түсіндіру - Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының функциялары мен құқықтық мәртебесін анықтау - сот жүйесі элементтерін анықтау және оны графикалық түрде көрсету; - судьялар мәртебесі және олардың қызметінің кепілдемесін ашып көрсету
02	Жария құқық	05	Қазақстан Республикасының конституциялық құқық жүйесі Қазақстан Республикасындағы азаматтық және сайлау	- Конституциялық құқық институттарын құқықтық норма жүйесі ретінде түсіндіру; - Конституциялық құқықтың қайнар көздерін анықтау және олардың міндеттерін түсіндіру (Конституция, Конституциялық заңдар, Конституциялық Кеңестің актілері және тағы басқалар) - азаматтық ұғымын ашу; - қазақстандық азаматтықты алу және азаматтықтан айырылудың негізdemelerін нақты мысалдар арқылы түсіндіру - Қазақстан Республикасы сайлаушыларының және сайлау процесінің басқа да субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау
	06	Әкімшілік құқық жүйесі Әкімшілік құқық бұзушылық түрлері	08	- мемлекеттік басқарудың құқықтық реттелу ерекшеліктерін графикалық сзыба құру арқылы түсіндіру - Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралуа
	07	Экологиялық құқық негіздері Жер құқығы негіздері	09	- экологиялық құқықтың құқықтық реттеу ұғымын және нысанын түсіндіру; - экологиялық кодекс негізінде өзекті экологиялық проблемаларды шешудің құқықтық жолдарын ұсыну - жер құқығының құқықтық реттеу ұғымы мен нысанын түсіндіру; - Қазақстан Республикасының Жер кодексі негізінде жерге меншік құқығы, пайдалану құқығы, және басқа да құқық түрлерін ажырату
	08	Қылмыстық құқық жүйесі Қылмыстық құқық	10	- қылмыстық кодекстің мазмұны мен құрылымын анықтау; - нақты өмірлік жағдаяттарды қылмыстық

		бұзушылық түрлері		құқық нормаларына сәйкестендіру
			11	<ul style="list-style-type: none"> - нақты мысалдар арқылы қылмыстық теріс қылық пен қылмыстық қоғамдық қауіптілік дәрежесіне сәйкес сипаттау; - кәмелетке толмағандарды қылмыс тық жауапкершілікке тарту ерекшеліктерін құқықтық жағдаят мысалында анықтау - Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау
			12	<ul style="list-style-type: none"> - жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып қылмыстық құқық бұзушылықты бағалау; - адамның қылмыстық жауаптылықтан босатылу шарттарын айқындау
	09	Қазақстан Республикасы ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік	13	<ul style="list-style-type: none"> - сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалық-саяси және құқықтық актілердің негізгі ережелерін түсіндіру; - нақты жағдаяттарды талдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңың негізгі ережелерін пайдалану - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты басқа құқық бұзушылық түрлерінен (заңсыз сыйақы алу, алайқтық) ажырату; - Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау
03	Жеке құқық	10 Азаматтық құқық жүйесі және оның негізгі институттары Азаматтық құқықтағы келісімшарттар мен міндеттемелердің жекелеген түрлері	14	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының қайнар көздерін түсіндіру (Азаматтық кодексі, заңдар, заңға тәуелді актілер, Азаматтық кодексін толықтыратын және нақтылайтын ережелер); - азаматтық құқық принциптерін нақты мысалдар арқылы түсіндіру; - азаматтық құқық субъектілерін анықтау
			15	<ul style="list-style-type: none"> - азаматтық құқық объектілерін олардың елеулі белгілері бойынша ажыратса білу; - нақты мысал негізінде жеке мүліктік емес құқықтардың ерекшеліктерін анықтау - құқықтық жағдаят мысалында мәміле үғымын және оның түрлерін түсіндіру
			16	<ul style="list-style-type: none"> - мысалдар келтіре отырып, менишік құқығы үғымын және оның негізгі өкілеттілігін түсіндіру; - құқықтық жағдаятты (казусты) талдай отырып, менишік құқығын қорғау жолдарын түсіндіру

			17	<ul style="list-style-type: none"> - заң терминдерін пайдаланып, міндеттемелік құқықтың мәнін ашу; - міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін құқықтық жағдаятты талдай отырып анықтау - келісімшарттың ерекше белгілерін айқындай отырып мазмұнын түсіндіру; - келісімшарттың негізгі шарттарын нақты мысалдар арқылы түсіндіру - мұрагерлік құқықтың құқықтық реттелу ұғымы мен нысанын түсіндіру; - заң және өсiet бойынша мұрагерлікке ие болуды ажырату
	11	Тұтынушылар құқығы туралы заңнама Тұтынушылар құқығының жүзеге асырылуы; Авторлық құқық негіздері	18	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқығы туралы заңына сәйкес құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау; - заң терминдерін пайдалана отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын нақты жағдаяттық мысалдармен (казустармен) түсіндіру - қылмыстық, әкімшілік, азаматтық кодекстердің жеке нормаларын қолдана отырып, тұтынушылар құқығын қорғау механизмдерін түсіндіру; - нақты мысалдар келтіре отырып сатушы (өндіруші, орындаушы) және басқа да жұмысты орындаушы (қызмет көрсету) тұлғалардың құқығы мен міндеттерін анықтау - авторлық құқық және сабактас құқықтарды құқықтық реттеу ұғымы мен нысанын түсіндіру; - авторлық құқық саласында нақты жағдайды шешудің құқықтық жолдарын ұсыну
	12	Отбасы құқығы жүйесі Отбасы құқығының институттары	19	<ul style="list-style-type: none"> - отбасылық қарым-қатынастар саласындағы нормативтік құқықтық актілердің қажеттілігін түсіндіру («Қазақстан Республикасының неке және отбасы туралы кодексі», «Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңы») - Қазақстан Республикасының отбасылық қарым-қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру; - әртүрлі өмірлік жағдайларда балалар құқықтарының жүзеге асырылуын зерттеу
			20	<ul style="list-style-type: none"> - Отбасын отбасы құқығының институты ретінде айқындау; - ерлі-зайыптылардың жеке және мұліктік құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын нақты мысалдар арқылы түсіндіру - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығысыз қалған балалардың құқығы

					мен мұддесін қорғау формаларын айқындау - алименттік қатынастардың субъектілерін және алименттік қатынастардың пайда болу негіздерін құқықтық жағдаяттар мысалында анықтау
	13	Еңбек құқығы жүйесі Еңбек құқығының базалық нормалары	21		- Қазақстан Республикасы еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің негізгі үғымдары мен принциптерін түсіндіру; - әртүрлі өмірлік жағдаяттарда еңбек құқықтарының іске асуын зерттеу - еңбек құқығын қамтамасыз ету тәсілдерінің тиімділігін құқықтық жағдаяттар мысалында бағалау; - кәмелетке толмағандардың еңбек құқығын жүзеге асыруын зерттеу - жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарастыру механизмдерін құқықтық жағдаяттар мысалында анықтау
04	Іс жүргізу құқығының негіздері	14	Кылмыстық жүргізу құқығының негіздері Кылмыстық іс жүргізу құқығының институттары	ic	- қылмыстық процестің негізгі міндеттері мен қағидаттарын түсіндіру - қылмыстық қудалауды жүзеге асыру шарттарын түсіндіру
				22	- қылмыстық процесстің негізгі міндеттері мен қағидаттарын түсіндіру - қылмыстық қудалауды жүзеге асыру шарттарын түсіндіру
				23	- қылмыстық процесс субъектілерін ажырату - кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін айқындау
				24	- Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес сот талқылауының негіздері бойынша білімін шығармашылық түрде көрсету - Қазақстан Республикасы алқабилер соты қызыметінің құқықтық негіздерін анықтау
	15	Азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері Азаматтық іс жүргізу құқығының институттары	25		- азаматтық процестің негізгі міндеттері мен принциптерін талдау - азаматтық процестің негізгі міндеттері мен принциптерін талдау; - кәмелетке толмағандардың азаматтық процеске қатысу ерекшеліктерін анықтау - талап қою шарттарын түсіндіру; - талап қою арызын оның мазмұны мен формасына қойылатын шарттарға сәйкес құрастыру - Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес соттың істі қарau негіздері мен ерекшеліктері бойынша білімдерін шығармашылық түрде көрсету
	16	Әкімшілік іс жүргізу құқығының негіздері Әкімшілік іс жүргізу құқығының	26		- әкімшілік процес ұғымын, оның міндеттері мен принциптерін түсіндіру; - әкімшілік процесті жүзеге асырудың құқықтық негіздерін анықтау - әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді қарастыратын уәкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) құзыретін

		институттары		құқықтық жағдаяттар мысалында ажырата білу - әкімшілік құқық бұзушылық бойынша соттың істі қарau ерекшеліктері туралы білімдерін шығармашылық түрде көрсету
05	Халықара лық құқық	17	Халықаралық жария құқығы Казақстан Республикасы халықаралық құқық субъектісі	- 27 - халықаралық жария құқық ұғымын түсіндіру және оның реттейтін қоғамдық қатынастар саласын анықтау - Қазақстан Республикасы таныған халықаралық құқықтың қайнар көздері негізінде Қазақстан Республикасының халықаралық құқығы мен міндеттемелерін түсіндіру; - Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде адам құқығы, еңбек қатынастары, білім беру салалалары бойынша құқықтарын жүзеге асыруын халықаралық актілер негізінде зерттеу.
		18	Халықаралық құқықтағы адам құқықтарының қорғалуы	28 - қазіргі халықаралық құқықтағы адам құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын органдар мен ұйымдарды анықтау

Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Курстың оку бағдарламасы бойынша білім алушылар менгеруі тиіс:

Мемлекет және құқық: Мемлекет және құқық туралы негізгі ұғымдар. Құқықтың негізгі белгілері мен функциясы. Құқық жүйесі: сала, құқықтық институт, құқықтық норма. Мемлекет құқықтың ерекше субъектісі: құқықтық нормаларды шығарушы және құқық субъектісі ретінде. Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекет түсінігі және оның принциптері. Азаматтық қоғам түсінігі, оның негізгі элементтері мен институттары. Адам құқықтары түсінігі. Адам құқығы түсінігі және оның негізгі түрлері. Сот төрелігі принциптері. Құқық қорғау органдары. Сот төрелігі принциптері. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары: ішкі істер министрлігі, прокуратура, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдары. Заң шығару, құқықтық мәдениет, мемлекет қоғамның саяси жүйесінде. Заң шығару жүйесі: құқықтық актілердің құрылымы мен заң шығарудың кезеңдері. Зандылық және құқықтық тәртіп. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет. Мемлекет қоғамның саяси жүйесінде. Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуы. Қазақстан Республикасы - құқықтық мемлекет. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарының дамуы. Қазақстан Республикасында адам құқығын қорғау. Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы. Қазақстан Республикасындағы ювеналды юстиция: жасөспірімнің құқығын қорғау. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар құқықтарының қорғалуы және жүзеге асырылуы. Сот жүйесі. Сот жүйесі және судьялардың мэртебесі.

Жария құқық: Қазақстан Республикасының конституциялық құқық жүйесі. Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының институттары: Президент, Парламент, Үкімет, Соттар және сот төрелігі, Конституциялық кеңес, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару. Әкімшілік құқық жүйесі. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық реттелуі: салалық және аймақтық басқару. Экологиялық құқық негіздері. Экологиялық құқықтың құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны. Қылмыстық құқық жүйесі. Қылмыстық құқықтың мазмұны мен құрылымы. Қылмыстық құқық бұзушылық және қылмыстық жауапкершілікке тартылатын тұлғалар. Қылмыстық жаза түсінігі және одан босату шарттары. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі. Қазақстан Республикасындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған құқықтық және саяси актілер: Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан

Республикасының заңы. 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы стратегиясы.

Қазақстан Республикасындағы азаматтық және сайлау. Қазақстан Республикасының азаматтылығы. "Қан құқығы" және "Топырақ құқығы" принциптері. Қазақстан Республикасындағы сайлау құқығы. Сайлаушы, сайлау комиссиясы, бақылаушы. Экімшілік құқық бұзушылық түрлері. Қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық түрлері. Жер құқығы негіздері. Жер құқығының құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны. Жер және жер койнауы түсініктерінің заңды айырмашылықтары. Қылмыстық құқық бұзушылық түрлері. Адам және азаматтардың конституциялық және басқа да құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылық. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік.

Жеке құқық: Азаматтық құқық жүйесі және оның негізгі институттары. Азаматтық құқықтың принциптері мен субъектілері. Азаматтық құқықтың объектілері. Мәміле түсінігі және оның түрлері. Меншік құқығы түсінігі және оның қорғалуы. Міндеттемелік құқық. Тұтынушылар құқығы туралы заңнама. Қазақстан Республикасында тұтынушылар құқықтарының заңды түрде бекітілуі. Отбасы құқығы жүйесі. Қазақстан Республикасындағы отбасы құқығының қайнар көздері. Қазақстан Республикасында отбасылық қарым-қатынастардың құқықтық реттелуі. Еңбек құқығы жүйесі. Қазақстан Республикасында еңбек қатынастарының құқықтық реттелуі.

Азаматтық құқықтағы келісімшарттар мен міндеттемелердің жекелеген түрлері. Сатусатып алу келісімшарты. Айырбас және сыйға тарту келісімшарты. Жалға беру келісімшарты. Тұрғын үйді жалдау. Қарыз келісімшарты. Сақтандыру келісімшарты. Мұрагерлік құқық. Тұтынушылар құқығының жүзеге асырылуы. Қазақстан Республикасындағы тұтынушылар құқығын қорғау механизмдері. Авторлық құқық негіздері. Авторлық және сабактас құқықтың құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны. Отбасы құқығының институттары. Отбасы. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттемелері. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балалардың құқығы мен мұддесін қорғау түрлері. Отбасы мүшелерінің алименттік міндеттемелері. Еңбек құқығының базалық нормалары. Еңбек қарым-қатынасы субъектілерінің құқықтары мен міндеттемелері және олардың мемлекеттік кепілдіктері. Еңбек дауларының қаралуы.

Іс жүргізу құқығының негіздері: Қылмыстық іс жүргізу құқығының негіздері. Қылмыстық процестің міндеттері мен принциптері. Қылмыстық процесс субъектілері. Қылмыстық іс жүргізу құқығындағы сот талқылауы негіздері: қылмыстық процестегі субъектілердің функционалдық рөлдері. Азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері. Азаматтық процестің міндеттері мен принциптері. Азаматтық процесстің субъектілері. Әкімшілік іс жүргізу құқығының негіздері. Әкімшілік процесс түсінігі, міндеттері мен принциптері. Қылмыстық іс жүргізу құқығының институттары. Қылмыстық кудалау – қылмыстық іс жүргізу құқығының институты. Кәмелетке толмагандардың қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша іс жүргізу. Алқабилер соты ұғымы және оның қызметінің негіздері. Азаматтық іс жүргізу құқығының институттары. Талап қою іс жүргізуінің негіздері. Азаматтық іс жүргізу құқығындағы соттық талқылаудың негіздері. Әкімшілік іс жүргізу құқығының институттары. Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді қарастыратын үекілетті органдар. Әкімшілік іс жүргізу құқығындағы соттық талқылаудың негіздері.

Халықаралық құқық: Халықаралық жария құқығы. Халықаралық жария құқығы түсінігі. Негізгі мемлекет субъектілері, халықаралық ұйымдар. Халықаралық құқықтағы адам құқықтарының қорғалуы. Қазіргі халықаралық құқықта адам құқықтарын қорғау механизмдері мен процедурапары.

Қазақстан Республикасы - халықаралық құқық субъектісі. Қазақстан халықаралық ұйымдардың қатысушысы. Халықаралық актілер негізінде Қазақстан Республикасы азаматтары құқығының жүзеге асырылуы.

Әлеуметтік және құқықтық нормалар жүйесі: адам құқығы, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, заңдылық және құқықтық тәртіп туралы білімдерін қолданады;

қазақстандық құқық пен халықаралық құқықтың базалық салаларының негізгі түсініктері мен мазмұны туралы білімдерін колданады; құқыққа деген оң қөзқарасты қалыптастыру және зандарды білу мен орындаудың әлеуметтік пайдалылығын түсіндіреді; қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық құндылықтар, гуманизм мен әділеттілік негізінде тұлғаның құқықтық санасын колданады; оқу және тәжірибелік іс-әрекетте құқықтық ақпаратты табу, талдау және қолдану дағдыларын менгереді; әртүрлі өмірлік жағдайларда құқықтық нормаларға сәйкес іс-әрекеттерді таңдау кезінде құқықтық білім мен дағдыларды колданады; қоғамдағы құқықтық қатынастармен байланысты практикалық жағдаяттарды сын тұргысынан талдау және бағалау дағдыларын менгереді; қазіргі уақыттағы өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу дағдыларын колданады.

Тест тапсырмаларының формалары:

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты және ашық формадағы қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін тест тапсырмалары.

Тест тапсырмаларының саны:

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының саны – 18: бір дұрыс жауапты 10 тест тапсырмасы, контекст негізінде бір дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасы, ашық түрдегі қысқаша немесе толық жауапты 3 тест тапсырмасы.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Тестті жалпы орындау уақыты – 80 минут.

Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау:

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 10 балл.

Контекст негізінде дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 5 балл.

Ашық түрдегі дұрыс орындалған 1 тест тапсырмасына 0-ден 5 балға дейін, максималды – 5 балл. Барлығы – 15 балл.

Барлық тест бойынша жиналатын максималды балл – 30.

